

## "Жетісу" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін Алматы облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 932 қаулысы

"Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қантардағы N 81 қаулысына сәйкес және мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Жетісу" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін Алматы облысының коммуналдық меншігіне берсін.

2. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен тоғызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және үйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Алматы облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 198-17-жолмен тоғызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"198-17. АЛМ-000196 "Жетісу" авиакомпаниясы" ААҚ";

Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Алматы облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 36-жол алынып тасталсын;

2) "Республикалық меншіктегі үйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 123-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан*      *Республикасының*

*Премьер-Министри*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК